

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің ведомстволық
бағынысты ұйымдарының
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 91-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы «28» сәуірдегі №КГИП-02-КГ/3970 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағындағы акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысын төлеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Ереже мынадай акционерлік қоғамдарға қолданылады деп белгіленсін:

- 1) «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамы;
 - 2) «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы;
 - 3) «Qazcontent» акционерлік қоғамы;
 - 4) «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы;
 - 5) «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамы;
 - 6) «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» акционерлік қоғамы;
 - 7) «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - 8) «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
3. «Ведомстволық бағынысты ұйымдардың кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 6 маусымдағы № 197 бұйрығы жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және аталған акционерлік қоғамдардың Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушы**

Қ. Ысқақов

Подписано

25.07.2025 18:50 Искаков К.Ж. ((и.о Балаева А.Г.))



Министерство культуры и информации Республики Казахстан - Какафенова Айжан Болатовна